

АҚСУ АУДАНЫ

ІШКІ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ

Жетісу облысы әкімінің аппараты тарапынан «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсету барысында заңнама талаптарының сақталуына ішкі мониторинг жүргізілді.



Осыған байланысты аудан әкімі аппаратының мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің басшысы Қ. Қалмұхамбетовтың төрағалығымен жиын өткізілді. Жиынға аудан әкімдігінің жалпы бөлімінің және «Ақсу ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапты мамандары қатысты.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі, қолданыстағы заңнама талаптарының орындалуы және қызмет алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде кездесуі мүмкін кемшіліктердің алдын алу, құжаттарды қабылдау мен қарау мерзімдерін сақтау, сондай-ақ көрсетілетін қызметтің сапасы мен ашықтығын қамтамасыз ету бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жиын қорытындысы бойынша жауапты мамандарға тиісті хаттамалық тапсырмалар беріліп, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы талаптарды қатаң сақтау қажеттігі ескертілді.

КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ақсу ауданы әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Жиында жаңа оқу жылына дайындық барысы және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзекті мәселелер қаралды.

Атап айтқанда, ауылдық елді мекендердегі оқушыларды мектепке тасымалдауды ұйымдастыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Оқушыларды білім беру ұйымдарына қауіпсіз әрі тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету, мектеп автобустарының техникалық және ұйымдастырушылық дайындығы, сондай-ақ тасымалдау бағыттарының жай-күйі талқыланды.

Сонымен қатар, қолайсыз отбасылар қатарында есепте тұрған отбасылардағы балалардың жаңа оқу жылына дайындығы қаралды. Балалардың мектеп формасы мен қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ олардың оқу жылын толыққанды бастауына қажетті жағдай жасау бағытында атқарылған жұмыстар сараланды.

Отырыс қорытындысы бойынша жауапты мекемелерге тиісті тапсырмалар беріліп, олардың орындалуы бақылауға алынды.

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ӨТТІ

Ақсу ауданында «Сапалы білім мен тиімді басқару: заманауи мектептің даму векторлары» тақырыбында аудандық Тамыз кеңесі өтті. Дәстүрлі басқосу білім беру саласының жаңа оқу жылындағы басым бағыттарын айқындап, педагогтерге қойылатын заманауи талаптарды саралауға мүмкіндік берді.

Кеңес жұмысына Ақсу ауданының әкімі Берік Тынышбайұлы қатысып, білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерге тоқталды. Аудан басшысы жаңа оқу жылында білім сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби әлеуетін жетілдіру және білім алушыларға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырудың маңыздылығын атап өтті.

Тамыз кеңесі аясында ұйымдастырылған секциялық отырыстарда білім беру саласының өзекті мәселелері кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, білім сапасын арттыру, заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалану, педагогтердің кәсіби біліктілігін жетілдіру, мектепті тиімді басқару және оқушыларға қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Қазіргі таңда мектептің басты міндеті – оқушыға сапалы білім берумен қатар, оның шығармашылық қабілетін дамытып, өздігінен ізденуіне, сыни ойлауына және қоғамда өз орнын табуына жағдай жасау. Бұл ретте мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен мектеп басшылығының тиімді басқаруы шешуші рөл атқарады.

Сондықтан Тамыз кеңесінде көтерілген мәселелер жаңа оқу жылындағы жұмыстардың негізгі бағдарын айқындауға негіз болды. Білім сапасын арттыру – тек педагогтің емес, білім беру ұйымы мен ата-ананың, жалпы қоғамның ортақ жауапкершілігін талап ететін маңызды міндет.

Жиын соңында аудан әкімі ұстаздар қауымына жаңа оқу жылында сәттілік тілеп, жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі еңбектеріне табыс тіледі.

АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДА ӨТТІ

Спорт күніне орай, «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында Ақсу аудандық спартакиадасының ашылу салтанаты өтті. Аудан көлеміндегі спорттық шара бұқаралық спортты насихаттап, тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстануға үндейтін маңызды бастамалардың біріне айналды.



Салтанатты жиынға Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Амандос Ақышұлы мен аудан прокуратурасының прокуроры Әкім Әлішер Азаматұлы қатысып, спортшылар мен жарысқа қатысушыларды Спорт күнімен құттықтады. Өз сөздерінде олар спорттың адам денсаулығын нығайтып қана қоймай, жастардың жігерін шыңдап, ұйымшылдық пен жауапкершілік қасиеттерін қалыптастырудағы маңызына тоқталды. Сонымен қатар аудан тұрғындарын бұқаралық спортпен тұрақты айналысып, белсенді өмір салтын ұстануға шақырды.

Шара барысында ауданның спорт саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар ардагерлерге құрмет көрсетіліп, оларға құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табысталды.

Спартакиада бағдарламасына спорттың бірнеше түрі енгізіліп, ауылдық округтердің командалары өзара бақ сынасты. Жарыстарда қатысушылар тек спорттық шеберлігін ғана емес, командалық рухы мен жеңіске деген жігерін де көрсетті.

Арқан тартыс сайысында Қарасу ауылдық

округінің командасы қарсыластарынан басым түсіп, бірінші орынды иеленді. Жеңімпаз командаға 100 мың теңге сыйақы табысталды. Екінші орын Қапал ауылдық округіне бұйырып, команда 50 мың теңгеммен марапатталса, үшінші орынға Қарашілік ауылдық округі жайғасты. Үшінші орын иегеріне 25 мың теңге берілді.

Футболдан өткен тартысты бәсекеде Қарасу ауылдық округінің командасы үздік нәтиже көрсетіп, 100 мың теңгелік бірінші орын жүлдесін жеңіп алды. Жансүгіров ауылдық округі екінші орыннан көрініп, 50 мың теңге иеленді. Ал Қаракөз ауылдық округінің командасы үшінші орынға тұрақтап, 25 мың теңгелік жүлдеге ие болды.

Жеңіл атлетикадан Қарашілік ауылдық округінің өкілдері топ жарып, бірінші орынға лайық деп танылды. Жеңімпаздарға 100 мың теңге табысталды. Екінші орынды Ақсу ауылдық округі иеленіп, 50 мың теңге алды. Жансүгіров ауылдық округі үшінші орыннан көрініп, 25 мың теңге жүлдеге ие болды.

Үстел теннисінен де тартысты ойындар өтіп, спортшылар өз шеберліктерін ортаға салды. Бұл сында Ойтоған ауылдық округінің командасы бірінші орын алып, 50 мың теңге жүлдеге ие болды. Жансүгіров ауылдық округі екінші орынға көтеріліп, 25 мың теңге алса, үшінші орын да Жансүгіров ауылдық округінің еншісіне тиді. Үшінші орын иегерлеріне 15 мың теңге табысталды.

Аудандық спартакиада ауылдық округтер арасындағы спорттық байланысты нығайтып, салауатты өмір салтын кеңінен насихаттауға жол ашатын тағылымды шара болды. Осындай жарыстар арқылы тұрғындардың спортқа қызығушылығы артып, жас буынның белсенділігі мен командалық рухы қалыптасады.

АЛАТАУ-АҚПАРАТ

ТАҒЫЛЫМ

ҰЛЫЛАРДЫҢ ҰЛЫСЫ- АБАЙ

Қазақ руханиятының көкжиегін кеңейтіп, ұлттың ой-санасына сәуле түсірген ұлы тұлғалардың арасында хәкім Абай Құнанбайұлының орны айрықша. Ұлы ақын, ағартушы, ойшылдың тағылымы уақыт өткен сайын тереңдей түсіп, әр буынның жүрегіне жаңаша жол табуда. Абай сөзі – ғасырлар қойнауынан жеткен үн ғана емес, бүгінгі күннің де өзекті сауалдарына жауап беретін, адамды ізгілікке, білімге, еңбекке үндейтін рухани бағдар.

Осы орайда Мойнақ ауылдық №6 кітапхана филиалында 10 тамыз - Абай күніне орай көпшілік оқырмандар арасында «Ұлылардың ұлысы - Абай» атты ашық микрофон ұйымдастырылды. Тағылымды шараның басты мақсаты – ұлы ақынның шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау, оқырмандардың Абай шығармаларына деген қызығушылығын арттыру, жас ұрпақты кітап оқуға баулу және хәкімнің терең философиялық ойларын бүгінгі өмірмен сабақтастыру. Шара барысында қатысушыларға Абайдың өмірі

мен шығармашылық жолы кеңінен таныстырылып, оның ақындық әлемі, ағартушылық қызметі мен философиялық ой-толғамдары туралы мағлұматтар берілді. Оқырмандар ұлы ақынның рухани мұрасы жайлы өз ой-пікірлерін ортаға салып, жүрекке жақын өлеңдері мен қара сөздерінен үзінділер оқып, Абай тағылымының өз өмірлеріндегі мәні жайында сыр бөлісті.

Ашық микрофон барысында ақынның табиғат лирикасы, махаббат тақырыбы, адамгершілік пен білімді дәріптеген шығармалары кеңінен сөз болды. Оқырмандар Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма ернеге», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» сынды өлеңдерін мәнерлеп оқып, олардың мазмұны мен тәрбиелік мәніне тоқталды.



Абай шығармашылығының өзегінде – адам болу, білімге ұмтылу, адал еңбек ету, әділеттілік пен ар-ұятты биік ұстау идеясы жатыр. Хәкімнің әрбір сөзі адамды өзіне есеп беруге, жақсы мен жаманды айыра білуге, рухани кемелдікке ұмтылуға шақырады. Сондықтан Абай мұрасы қай кезеңде де өзінің өміршеңдігін жоғалтпай, ұрпақ тәрбиесіне қызмет ете береді.

Ақынның: «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба» деген өсиеті бүгінгі жас ұрпақ үшін де маңызын жойған жоқ. Білім мен ғылымға ұмтылу, еңбек

ету, талаптану – Абай аңсаған кемел адамның басты қасиеттерінің бірі.

Ашық аспан аясында өткен ашық микрофон – оқырмандардың Абай әлеміне жақындай түсуіне мүмкіндік берген тағылымды басқосу

болды. Әрбір оқылған өлең, айтылған ой, жүректен шыққан пікір – ұлы ақын мұрасының бүгінгі ұрпақпен рухани сабақтастығының көрінісі.

Абайды оқу – бір ақынның шығармашылығын танып-білу ғана емес, өзіңді тануға, ішкі әлеміңе үңілуге бастайтын жол. Оның әрбір шығармасы адамға ой салып, жүрекке сәуле түсіреді.

Осындай рухани-танымдық шаралар арқылы кітапхана оқырман мен асыл мұраның арасын жалғап, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, өскелең ұрпақтың кітапқа, әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыруға өз үлесін қосып келеді. Ұлылардың ұлысы – Абайдың мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халқымыздың рухани темірқазығы болып қала бермек. Хәкімнің сөзі – халыққа аманат, ойы – ұрпаққа бағдар, ал шығармалары – уақыт өткен сайын қадірі арта түсетін мәңгілік қазына.

Жанна ТЫНЫШБАЕВА,
Мойнақ ауылдық № 6 кітапхана
филиалының кітапханашысы,
Талдықорған қаласы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ескожанов С.Т.» шаруа қожалығы жұртшылықты 2026 жылғы 31 тамыз бен 4 қыркүйек аралығында Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Талдыбұлақ ауылдық округінде «Ескожанов С.Т.» шаруа қожалығының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°30'51,49" СШ 78°53'22,84"ВД. Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Ескожанов С.Т.» ШҚ, Кербұлақ ауданы, Талдыбұлақ ауылы, Литвиненко көшесі.

Тел.: 8 778 441 12 99, e-mail: Serik_09.67@mail.ru

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел.: 8 777 343 34 66, Талдықорған қ., Назарбаев көшесі, 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Жоба материалдарымен келесі сайтта танысуға болады: ndbecology.gov.kz.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» ММ, тел.: 8 (7282) 32-92-67, 8 777 171 90 39, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26.

МИО сайтына сілтеме: https://ndbecology.gov.kz

Сондай-ақ бастамашының сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz. сайтындағы «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде және priroda@zhetisu.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Крестьянское хозяйство «Ескожанов С.Т.» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 31 августа по 4 сентября 2026г. по разделу «Охраны окружающей среды» для крестьянского хозяйства «Ескожанов С.Т.» в Талдыбулакском сельском округе Кербулакского района области Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 44°30'51,49" СШ 78°53'22,84"ВД. Инициатор намечаемой деятельности: КХ «Ескожанов С.Т.», Кербулакский район, с.Талдыбулак, ул. Литвиненко.

Тел.: 8 778 441 12 99, e-mail: Serik_09.67@mail.ru

Разработчик: ИП «Экология», тел. 8 777 343 34 66. г. Талдықорған, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, г.Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26.

Ссылка на сайт МИО https://ndbecology.gov.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и priroda@zhetisu.gov.kz